

2022 жылғы Қазақстан Республикасындағы атмосфералық ауаны қорғау туралы

Шығарылған күні: 01.07.2023г.

Келесі шығарылым күні: 29.06.2024жыл

1. Негізгі ойлары
2. Ластаушы заттар шығарындылардың динамикасы
3. Негізгі ерекше ластаушы заттар шығындыларының динамикасы
4. Глоссарий
5. Әдістеме
6. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер
7. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлары

2022 жылы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығындылары 2 314,7 мың тоннаны құрады және олардың деңгейі өткен жылымен салыстырғанда 3,8% төмендеді.


Жаңа экологиялық кодекстің күшіне енуіне байланысты табиғат пайдаланушылар объектілерін санаттарға жатқызу тәртібі өзгертілді, стационарлық көздерден атмосфераға шығарындылар туралы статистикалық байқауды зерттеу шеңберіне IV санаттағы объектілер кірген жоқ, өйткені олар экологиялық заңнамаға сәйкес реттеу мемлекеттік шараларынан босатылды. Бұл өзгерістер 2022 жылы шығарындыларды азайту факторларының бірі болып табылады.

Атмосфералық ауаға шығарылған ластаушы заттардың жалпы көлемінің 79,6% -ы газ тәрізді және сұйық заттар, 20,4% -ы қатты заттар болды.

2022 жылы республика кәсіпорындары барлық тұрақты ластаушы көздерден шыққан ластайтын заттардың жалпы көлемінен 93,4% зиянды заттар ұстап, залалсыздандырды.

2. Ластаушы заттар шығарындылардың динамикасы

Атмосфераға ластайтын заттардың шығарындылары



Ластайтын заттардың негізгі көлемі Павлодар (724,2 мың тонна), Қарағанды (469 мың тонна) облыстарында қалыптасқан.

Өңірлер бойынша ластаушы заттардың шығындылары


	мың тонна				
	2018	2019	2020	2021	2022
Қазақстан Республикасы	2446,7	2483,1	2441,0	2407,5	2314,7
Абай	-	-	40,7	40,9	39,0
Ақмола	84,5	76,7	77,2	77,3	69,5
Ақтөбе	158,1	136,6	135,1	137,4	136,5
Алматы	50,2	48,1	26,3	30,3	28,8
Атырау	172,3	164,5	153,9	160,3	132,1
Батыс Қазақстан	48,2	41,2	30,8	26,0	25,8
Жамбыл	52,1	55,8	55,0	55,8	52,9
Жетісу	-	-	19,9	17,7	13,1
Қарағанды	587,5	641,3	519,0	488,0	469,0
Қостанай	124,0	130,5	123,4	137,9	121,4
Қызылорда	26,0	24,4	28,3	29,2	23,4
Маңғыстау	65,5	64,5	72,5	75,2	78,7

Павлодар	709,3	721,5	723,0	736,1	724,2
Солтүстік Қазақстан	75,5	74,7	76,0	61,2	52,7
Түркістан	30,0	33,5	28,1	29,0	25,2
Ұлытау	-	-	108,7	81,7	105,1
Шығыс Қазақстан	130,7	128,8	86,5	87,2	83,3
Астана қаласы	56,4	65,1	62,4	62,2	57,7
Алматы қаласы	43,0	46,1	44,5	40,8	41,4
Шымкент қаласы	33,4	29,8	29,6	33,2	34,9

3. Негізгі ерекше ластаушы заттар шығындыларының динамикасы

2018-2022 жылғы ерекше ластаушы заттардың шығындылары

мың тонна



2022 жылы республиканың ауа бассейніне қорғасын және оның қосындылары – 213,4 тонна, марганец және оның қосындылары – 73,9 тонна, мыс оксиді – 103,1 тонна, күкірт қышқылы – 382,2 тонна, хлор 53,8 тонна, сынап – 264 килограмм сияқты ерекше ластағыш заттар түсті. Осы заттардың нақты шығарындылары белгіленген шекті жол берілген шығарындылардың көлемінен (ЖШШ) асқан жоқ.

Электрондық кестелер:

[Қазақстан Республикасындағы атмосфералық ауаны қорғау туралы](#)

Динамикалық кестелер:

[Тұрақты көздерден шығатын атмосфераны ластайтын заттардың шығарылуы](#)

[Тұрақты көздерден шығатын атмосфераны ластайтын заттардың шығарылуы \(жан басына\)](#)

[Ластайтын қатты заттардың шығарылуы](#)

[Сұйық және газ тәріздес ластайтын заттардың шығарылуы](#)

[Тұрақты ластау көздерінің саны](#)

[Ластайтын заттардың ұсталуы және зиянсыздандырылуы](#)

4. Глоссарий

Атмосфераға ластайтын заттардың шығарындылары – шығарындылардың тұрақты (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) көздерінен (халықтың денсаулығы немесе қызметіне, қоршаған табиғи ортаға қолайсыз әсер ететін) ластайтын заттардың атмосфераға түсуі.

Ұйымдастырылған тұрақты көздерге зиянды заттар газ қалдықтары және ауа айдаушы жүйелер арқылы шығарылатын жылжымайтын көздер (мұржалар, аэрациялық фонарлар, вентиляциялық шахталар және т.б.) жатады.

5. Әдіснамалық түсініктемелер

Стационарлық көздерден атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының көрсеткішін қалыптастыру үшін атмосфералық ауаны қорғау бойынша жыл сайынғы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың деректері пайдаланылады.

Өнім өндірудің технологиялық процестерінде шикізат немесе жартылай фабрикат ретінде пайдаланылатын газдармен бөлінетін заттардың саны туралы деректер атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының жалпы көлеміне кірмейді. Атап айтқанда, техникалық көміртегі зауыттарында күйені өндіруде реакторлардан бөлінетін газдарды тазарту, фосфор зауыттарында сары фосфор өндіру кезінде кен-термиялық пештерден бөлінетін газдарды та-

зарту, химия зауыттарда күкірт қышқылын өндіру кезінде «қайнайтын қабат» пештерінен бөлінетін газдарды тазарту барысында пайда болатын және кәдеге жаратылатын заттар есепке алынбайды. Қара металлургия кәсіпорындарында технологиялық отын ретінде пайдаланылатын домналық газдың құрамында болатын көміртегі тотығы есепке алынбайды. «Қос адсорбция» және қос байланысу қондырғыларымен және жүйелерімен тұтылған, түсті және қара металлургия, химия, мұнай-химия және басқа салалар зауыттарынан бөлінетін газдардан өнім алу үшін пайдаланылатын заттар есепке алынбайды. Толық тұтылмаған және технологиялық жабдықтың герметикалық болмауынан газдың жайылып кетуі нәтижесінде атмосфераға түсетін ластағыш заттар ғана есепке алуға жатады.

Қосымша, әдістемелік түсініктеме келесі сілтеме бойынша қол жетімді:

[Қоршаған орта статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме](#)

6. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау» статистикалық жинағы](#)

[Атмосфераға ластайтын заттардың шығарындылары \(Қоршаған ортаны бағалау және мониторингілеудің экологиялық индикаторлары\)](#)

[«Бүгінгі Қазақстан» статистикалық жинағы](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[«Атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп» статистикалық нысаны \(2-ТП \(ауа\) индексі, жылдық\)](#)

[«Талдау» Ақпараттық-талдамалық жүйесі / \[www.taldau.stat.gov.kz/\]\(http://www.taldau.stat.gov.kz/\) Негізгі / Статистика бөлімдері / Қоршаған орта статистикасы /атмосфералық ауа](#)

[Сапа туралы есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры: Ә. Шауенова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: Д. Садвакасова Тел. +7 7172 749311 E-mail: dina.sadvakasova@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министерлік үй, 4 подъезд
--	---	--	--